

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сот-медицина қызметін қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 2 шілдедегі N 1044

Азаматтардың конституциялық құқықтары мен еркіндігін қорғау, Мемлекеттік құқық реформасының бағдарламасын жүзеге асыру, қылмысқа қарсы күрес пен құқық тәртібін нығайту жөніндегі шараларды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас сот-медицина сараптамасы бюросы облыстық және Алматы қалалық сот-медицина сараптамасы бюролары функциональды бағындырылып, республикалық мемлекеттік мекеме - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сот медицина орталығы (бұдан әрі - Орталық) етіп қайта ұйымдастырылады.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі бір ай мерзім ішінде Орталық пен оның құрылымы туралы Ережені бекітсін.

3. Орталық қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:
белгіленген заң тәртібімен республиканың сот-медицина қызметіне басшылық жасау;
соңғы сатыда қайталама, аса күрделі сараптамалар жүргізу;
сот-медицина және ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау;
сот-медицина сараптамасының қазіргі заманғы әдістері мен әдістемелерін қабылдау мен құру және оларды сараптама практикасына ендіру.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті, Алматы қаласының әкімі 1997 жылдың аяғына дейін Алматы қаласында Орталық үшін ғимарат бөлу туралы мәселені шешетін болсын.

5. Облыстардың әкімдері емдеу-профилактика мекемелерінің жүйесін оңтайландыруды ескере отырып, сот-медицина қызметі үшін үй-жай бөлу және оларға қажетті қаржылық және материалдық-техникалық көмек көрсету туралы мәселені қарасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

